

## Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі мемлекеттік меншік объектілерін есепке алуды ретке келтіру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1998 жылғы 19 қазандағы N 202

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі мемлекеттік меншік объектілерін есепке алу және олардың пайдаланылуына жүйелі түрде бақылау жасауды енгізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі меншік объектілерінің тізілімін жүргізу жүктелсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі,

Президенттің Іс басқармасы (келісім бойынша) және өзге де орталық атқарушы органдар мен ведомстволар бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі мемлекеттік меншіктің ведомстволық бағыныстағы объектілері туралы толық ақпарат ұсынатын болсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 19 қазандағы  
N 202-ө өкіміне  
1-қосымша

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі мемлекеттік  
меншік объектілерінің  
ТІЗІЛІМІ

---

N		Объектінің		Баланста		Уәкілетті		Объект	Қазақстан
		орналасқан		ұстаушы		органның		Республикасының	мемлекеттік
		жері				атауы		меншігі	ретінде
								берілген	құжаттың
								деректемелері	

---

--	--	--	--

---

Объектінің |      Объектінің техникалық сипаты

пайдалану | \_\_\_\_\_

мақсаты | Жалпы | Пайдалы | Салыну | Қабат. | Іргелес | Пайдалану. | Баланс.

| алаңы | алаңы | мате. | тылығы | жер | ға беріл. | тық

| ш.м. | ш.м. | риалы | | учаскесі. | ген жылы | құны

| | | | нің | | |

| | | | алаңы, га | | |

---

| | | | | | |

---